

2023-2024 оқу жылындағы 3 а сыныбының тәрбие жұмысының талдауы

Оқу жылының басында 3 а кл 18 оқушы . 10 қыз ,8 ұл Білім сапасы : 72 %, Оқу озаты : 7, оқу екпіндісі : 6

Ұлттық құндылықтар: Ұлттық құндылық, Ар-ұят, талап.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы мен ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып сыныптың тәрбие жұмысының тақырыбы мен мақсаты құрылып күтілетін нәтиже жоспарланған болатын .

Сыныптың тәрбие жұмысының тақырыбы: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу.

Сыныптың тәрбие жұмысының мақсаты: Оқушылардың зияткерлік, шығармашылық, тұлғалық-адамгершілік қасиеттерін дамытуға ықпал ететін жағдайлар жасау.

Тәрбие жоспары 34 сағатқа құрылды. , әр бағыт бойынша класс сағаттары уақытында жүргізіліп отырды. Қосымша бағдарламалар да уақытылы жүргізілілді .Сынып оқушылары мектепшілік шараларға да белсене араласып атсалысты.

25 қазан – Республика күні «Менің елім!» тәрбие сағаты өткізілді , оқушылар белсене қатысып , ұлттық мүдеге негізделген патриоттық әндер, өлеңдерді мәнерлеп оқып, қазақ халқының өткені мен бүгінгі туралы әңгімеледі.

Ақпан – оқуға құштар мектеп айы, үшінші тоқсанда «Кітап -сарқылмас қазына» тәрбие сағаты өтті.«ұлттық өнер » көрмесіне қатысты.

Оқуға құштар мектеп бойынша мектеп ішілік іс-шараға белсене араласып оқыған кітап бойынша көрініс, мақала жазып , өлеңдерді мәнерлеп оқып оқыған кітаптарымен бөлісті. Оқушылар мектептегі түрлі үйірмелерге қатысады.Төреханов А тоғызқұмалаққа,Айдар Б,Қуанышбай Б,Мейрамбекұлы Б күреске қатысып аудандық дәрежеде жетістіктерге жетті.Мектепшілік іс-шараларға класс оқушылары толығымен белсене қатысты.Республикалық «Көкжиек» сайыстарына қатысып әртүрлі дәрежедегі дипломдармен марапатталды.

Барлық жоспарға сай жұмыстар атқарылды. Ұлттық құндылықтарға негізделіп жасалған мақсаттарға сай күтілетін нәтижеге қол жеткізілді .

Сынып жетекшісі : Атбагарова Г.А